

«6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Бөгенбаева Әйгерім Бектұрғанқызының «Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (10-11-сынып)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Бөгенбаева Әйгерім Бектұрғанқызының «Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (10-11-сынып)» тақырыбында орындаған диссертациялық жұмысында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын; «Бейіндік білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын»; Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасын; Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын; «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын; Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын басшылыққа алған.</p> <p>Бөгенбаева Әйгерім Бектұрғанқызының диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Зерттеу 8D017 – Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау (6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті) бағыты бойынша ұсынылған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс бейіндік мектептің «Қазақ тілі» сабақтарында оқушылардың креативті ойлау арқылы тілдік қатынасын дамытудың әдістемесін ғылыми негіздеуге бағытталған. Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер қазақ тілін коммуникативтік-функционалдық аспектіде оқытудың теориясына және когнитивті психология, педагогика, лингвистика ілімінің сабақтастығынан туындайтын интегративті зерттеулердің ары қарай дамуына ғылыми-

			<p>теориялық жақтан да, практикалық жақтан да елеулі үлесін қосады, ал ғылыми-тәжірибелік жетістіктері жалпы білім беретін мектептердің 10-11-сынып оқушыларына қазақ тілін оқыту әдістемесінің дамуына елеулі үлес қосып, білім беру жүйесіндегі практикалық маңыздылығын аша түседі.</p> <p><i>Біріншіден</i>, бейіндік мектептің «Қазақ тілі» сабақтарында 10-11-сынып оқушыларының креативті ойлау арқылы тілдік қатынасын дамыту әдістемесінің ғылыми-әдіснамалық негізі тұжырымдалған;</p> <p><i>Екіншіден</i>, 10-11-сынып оқушыларының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасты қалыптастырудың дидактикалық шарттары мен ұстанымдары анықталған;</p> <p><i>Үшіншіден</i>, оқушылардың креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасын дамытуда қолданылатын дәстүрлі әдістер мен инновацияны тоғыстырған амал-тәсілдері көрсетілген;</p> <p><i>Төртіншіден</i>, сабақта оқушылардың креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасын дамытуға арналған кешенді тапсырма түрлері, ұтымды әдістемелік жүйесі ұсынылған және оның тиімділігі эксперимент арқылы толық дәйектелген.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Бөгенбаева Әйгерім Бектұрғанқызының диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Зерттеу жұмысында докторант ұсынған тұжырымдар мен нәтижелер соңғы жылдарда жарияланған ғылыми еңбектердегі қағидаларға негізделіп, оның өзіндік ғылыми ой-пікірімен қорытылған, маңызды зерттеу мәселелері қисынды шешімін тапқан. Ізденуші ғылыми тұжырымдары мен қағидаларын жүйелі түрде баяндаған, ғылыми стильді жетік меңгерген. Жарияланымдары диссертация мазмұнының толық қамтыған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі жаңа дәуірдің талаптарына жауап беретін тұлғаны «үйренуге үйретудің», жаңаша оқытудың трендтеріне сай «тануға үйрену», «әрекет етуге үйрену», «әлеуметтенуге үйрену», «өмір сүруге үйрену» өмірлік дағдыларды қалыптастыру үшін білім алушының бойында креативті ойлау қабілеттерін дамыта отырып, олардың тілдік қатынас мәдениеті деңгейін көтеру, яғни олардың танымдық қабілеттері мен тілді жұмсау дағдыларының сабақтастықта қаралуымен негізделген.</p> <p>Зерттеу еңбектің өзектілігі ұтқыр, жасампаз ойларымен ерекшеленетін оқушы тұлғасын қалыптастыруға, креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты кешенді меңгертуге бағытталуы және жоғары сыныптарда «Қазақ тілі» пәнін оқыту әдістемесінде оқушының креативті ойлау қабілеттерін жетілдірумен байланысты туындайтын жаңа қағидаларды нақтылауымен негізделеді.</p> <p>Сонымен қатар жаңа қоғам талап етіп отырған креативті тұлға қалыптастыру міндеті мен мектептегі қазақ тілін оқыту жүйесінде бұл мәселенің шешімін табуға ықпал ететін механизмдердің жүйесіздігі арасындағы; креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты</p>

		<p>дамытудың қажеттілігі мен оны жүзеге асырудың нақты әдіснамалық және әдістемелік негіздерінің арнайы қарастырылмауы арасындағы; креативтілік пен тілдік қатынасты дамытуға орасан зор ықпал ететін дәстүр мен инновацияның тоғысын жүзеге асырудың қажеттілігі мен оны оқыту үдерісінде оңтайлы шешуі тиіс әдістемелік жүйенің арасындағы қайшылықтарды шешуге арналуы да зерттеу жұмысының өзектілігінің негіздемесін айқындай түседі.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Диссертация мазмұны зерттеу жұмысының тақырыбын толық көлемде айқындайды. Диссертация мазмұны нормативтік сілтемелер, анықтамалар, кіріспе, белгілеулер мен қысқартулардан және екі бөлімнен, әр бөлім 3 параграфтан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Зерттеу еңбектің әр тарауы өзара ішкі бірлікті сақтаған, тақырыпқа қатысты өзекті мәселелер жан-жақты талданған.</p> <p>Бірінші тарауда оқушының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынас дағдыларын дамытудың лингвофилософиялық негіздері, әлеуметтік-психологиялық аспектілері, 10-11-сынып оқушыларының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасты дамытудың педагогикалық шарттары мен ұстанымдары талданған.</p> <p>Екінші тарауда бейіндік мектепте оқушылардың креативті ойлауына негізделген тілдік қатынас әдістемесін талдау, тапсырма түрлері мен оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдері беріліп, эксперименттік жұмыс нәтижелері ұсынылған.</p> <p>Диссертацияның қорытынды бөлімінде зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер сұрыпталып, креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың ғылыми-әдістемелік негізін құрайтын теориялық мәселелер тұжырымдалып ұсынылған. Зерттеу мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша зерттеу жұмысының тақырыбын айқындайды.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Зерттеу міндеттері 10-11-сынып оқушыларының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынас дағдыларын дамытудың әдіснамалық негіздерін айқындаумен, оқушылардың креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасты қалыптастырудың дидактикалық шарттары мен ұстанымдарын анықтаумен, дәстүрлі әдістер мен инновацияны тоғыстырған амал-тәсілдерден тұратын кешенді әдістемелік жүйені ұсынумен сәйкес келеді. Диссертант зерттеу жұмысы барысында алдына қойған мақсатқа сәйкес оның міндеттерін толық орындай келе, қазақ тілін оқытуда бейіндік мектеп оқушыларының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасын дамытудың әдіснамалық негіздерін анықтап, креативті ойлау арқылы тілді оқытудың тиімді әдістемесін ұсынған және оның тиімділігін эксперимент арқылы дәлелдеген.</p>

		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық тұрғыдан бір-бірімен өзара жүйелі түрде толық байланысқан, ортақ біртұтастық бар. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығымен дәлелденіп, зерттеу мақсаты мен міндеттерін шешуге арналған. Алынған ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, автордың қорытындыларымен бірге диссертацияда қойылған мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдерде сыни талдау бар. Автордың сыни көзқарасын креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамыту мәселесінің ғылыми-теориялық білім мазмұнын анықтауда ғалымдардың осы мәселеге қатысты еңбектерін зерделеп, бұрыннан белгілі шешімдері мен пікірлерін салыстырып, саралауынан және креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың әдіснамасын негіздеуге және семантикалық тілдік айналым арқылы ассоциацияланатын ұғымдарды пайдалана отырып, тілдік қатынастың мақсатына сай оқушылардың сөйлеу тілін, шығармашылық ойлау қабілетін арттыратын оқыту әдіс-тәсілдері жөніндегі, интеллектуалды тұлға қалыптастыруға қатысты тұжырымдар мен қағидаларды, ұстанымдар мен заңдылықтарды сыни талдауынан байқауға болады.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Бейіндік мектептің «Қазақ тілі» сабақтарында 10-11-сынып оқушыларының креативті ойлау арқылы тілдік қатынасын дамыту әдістемесі бұрын соңды зерттелмеген <i>толығымен жаңа</i>; Оқушылардың креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасын дамытуда қолданылатын дәстүрлі әдістер мен инновацияны тоғыстырған ұтымды амал-тәсілдері <i>толығымен жаңа</i>; Тілдік коммуникацияны дамыту үшін когнитивті психология мен коммуникативті лингвистика және лингвофилософия заңдылықтары интеграцияланып, оларды байланыстыратын амал семантикалық тілдік айналым ретінде танылуы <i>толығымен жаңа</i> болып табылады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертация жұмысындағы креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытуға әрбір сөзді таңдап ұтымды қолдану, шешендікті дамыту, сөйлемнің коммуникативтілігі, мәтін имплициттілігі, ауызша сөйлесу немесе тіке қатынас қағидаларының арқау ретінде дәйектелуі, оқушылардың процессуалдық ойлануына, шешімдерді табуға, өз ойын дұрыс жеткізуге, қызығушылығын оятуға ықпал ететін тапсырмаларды шоғырландырып сөйлесім әрекеті түрлері бойынша кешенді түрде ұсынылуы <i>толығымен жаңа</i> болып табылады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық</p>	<p>Диссертациялық жұмыста көрсетілген міндеттерді шешу барысында қолданылған техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару</p>

		<p>немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>шешімдері толығымен жаңа және әдіснамалық-әдістемелік тұрғыдан негізделген. Атап айтқанда, зерттеу барысындағы тұжырымдар, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен және осы нәтижелер бойынша шығарылған ғылыми жарияланымдармен расталынған.</p>
6.	Басты қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық зерттеуде келтірілген теориялық тұжырымдар, әдіснамалық тұғырлар, ұстанымдар мен қағидалар, қорытындылар, ғылыми әдістемелік ұсыныстар қорытындылары дәлелдемелерде ғылыми-тәжірибелік деңгейде <i>негізделген</i> және математикалық-статистикалық талдаулар арқылы нақтылығы толық расталған.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Қорғауға ұсынылған қағидаттар эксперимент арқылы толық дәлелденген.</p> <p>7.1 Қағидаттары дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес. Оқушылардың креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасты дамыту әдістемесі дәлелденген, тривиалды емес, зерттеу пәні туралы жаңа білім ұсынады.</p> <p>7.3 Ізденуші зерттеуінің жаңалық дәрежесі төмендегідей: тілдік бірліктердің функционалды-коммуникативтік аспектідегі зерттелуі негізінде ғылыми айналымға енген тұжырымдар мен ережелер когнитивтік психологиядағы тіл және танымды дамытудың ұлттық қағидаларымен сабақтаса зерттелген; креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамыту мәселесі әлемдік білім трендтерімен сабақтастықта айқындалған; оқушылардың креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасты жетілдірудің тұғыры ретінде ұлттық және заманауи білім философиясындағы ілімдер негізге алынып, олардың тілдік қатынасты жүзеге асыратын креативтік білім когнитивтік, функционалды-коммуникативтік теорияларын негізге алатындығы дәйектелген; тілдік коммуникацияны дамыту үшін когнитивті психология мен коммуникативті лингвистика және лингвофилософия заңдылықтары интеграцияланып, оларды байланыстыратын амал семантикалық тілдік айналым екені анықталған; креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытуға әрбір сөзді таңдап ұтымды қолдану, шешендікті дамыту, сөйлемнің коммуникативтілігі, мәтін имплициттілігі, ауызша сөйлесу қағидалары анықталған; оқушылардың</p>

			<p>процессуалдық ойлануына, шешімдерді табуға, өз ойын дұрыс жеткізуге, қызығушылығын оятуға ықпал ететін тапсырмалары шоғырландырып сөйлесім әрекеті түрлері бойынша кешенді түрде тиімді ұйымдастырылған.</p> <p>7.4 Диссертацияның негізгі қағидаттарының алдағы уақытта қолданылу деңгейі кең және тиімділігі тәжірибеде дәлелденген.</p> <p>7.5 Диссертация тақырыбына қатысты он екі ғылыми мақала жарияланып, ұсынылған қағидаттары мен оқыту әдістемесінің тиімділігі тәжірибеде және ғылыми мақалаларда дәлелденген. Атап айтқанда, зерттеу жұмысының негізгі мазмұны, тұжырымдамалары мен нәтижелері халықаралық, республикалық, аймақтық ғылыми-практикалық конференцияларда, республикалық семинарларда жасалған баяндамаларда талқыланып, дәлелденген. Диссертация тақырыбы бойынша Scopus халықаралық деректер базасына енгізілген басылымдарда төрт мақала, ҚР Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда төрт мақала, Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында екі мақала және басқа да басылымдарда екі мақала жарияланған. Барлық жарияланымдар жүргізілген зерттеу барысында дайындалып, қорғауға ұсынылған қағидаттар толық дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Әдістеменің таңдауы негізделген және әдіснама нақты жазылған. Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың әдіснамасы философиялық, педагогикалық, лингвистикалық, дидактикалық тұрғыдан негізделген және соның нәтижесінде интеллектуалды тұлға қалыптастыруға қатысты тұжырымдар мен қағидалар, ұстанымдар (<i>танымдық, логикалық, психологиялық</i>, тіл мен ойлауды бірлікте қарастыратын «<i>мағынадан формаға қарай</i>», «<i>сөйлеуді ұйымдастыру</i>») мен заңдылықтар анықталған. «Қазақ тілі» пәнінде бейіндік мектеп оқушыларының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынас дағдыларын дамыту барысындағы әдіснамалық, әдістемелік тұжырымдары өзара тығыз байланыста негізделген.</p> <p>Диссертанттың зерттеу жұмысының нәтижелері бейіндік мектеп оқушыларының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынас дағдыларын дамытуға бағыттала келе, жаңа заманауи технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін, жалпыдидактикалық және лингводидактикаға қатысты зерттеу әдістерін қолдану арқылы анықталған. Зерттеу жұмысы заманауи әдістер мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемесін пайдалана отырып, зерттеудің ғылыми-педагогикалық негіздерімен, зерттеу пәніне сәйкес қарастырылған әдіс-тәсілдердің нақты қолданылуымен, атап айтқанда, жалпыдидактикалық әдістердің ішінен бақылау, дәлелдеу, педагогикалық эксперимент, статистикалық талдау әдістері қолданылса, лингводидактикалық</p>

			әдістерден проблеманы теориялық талдау әдісі басшылыққа алынып, оның ішінде логикалық операция, синтез, индукция, дедукция тәсілдері және эксперимент әдістерінің қолданылуы арқылы жүзеге асқан.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия ; 2) жоқ	<p>Зерттеу жұмысының тәжірибелік-эксперименттік жұмысы Жамбыл облысы, Тараз қаласында Жамбыл атындағы № 5 мектеп-гимназиясының және №23 орта мектепте 10-11 сынып оқушыларының қатысуымен жүргізілген. Анықтау, қалыптастыру, қорытындылаушы эксперименттерінің нәтижелеріне сандық және сапалық талдау жасалынып, теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың эксперимент нәтижелері зерттеу болжамын растай келе, оқушының креативті ойлауына бағытталған тілдік қатынас құралдарын қолдану жаттығулары мен ізденімдік, шығармашылық тұрғыдағы тапсырмалардың кешенді жүзеге асырылуы мектеп оқушыларының тілін ғана дамытып қоймай, олардың интеллектуалдық мәдениетін де көтеруге ықпал етеді деген қорытындылары эксперименттік зерттеулермен толық дәлелденген.</p> <p>Диссертанттың зерттеу жұмысының теориялық, әдіснамалық қорытындылары бейіндік мектептің 10-11-сынып оқушыларының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасын дамыту бойынша әзірленген тәжірибелік-эксперименттік әдістемелік жүйенің тиімділігі эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.</p>
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	<p>Зерттеу жұмысындағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге, атап айтқанда, ҚР нормативтік-құқықтық құжаттарына, отандық және шетелдік авторлардың педагогикалық, психологиялық, лингвистикалық әдебиеттері, сөздіктері, анықтамалықтар, энциклопедиялар, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдарына, интернет ресурстар мен ғылыми басылымдарында, ҚР БжҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен материалдарға сілтеме жасау арқылы расталған.</p> <p>Пайдаланылған сенімді ғылыми әдебиеттер диссертацияның мазмұнын ашуға, теориялық-әдістемелік тұрғыдан ғылыми негіздеуге мүмкіндік берген.</p>
		8.5.Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті / жеткіліксіз	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Диссертацияда 139 әдебиетке шолу жасалған. Автор тақырыпқа сәйкес нормативтік-құқықтық, статистикалық, электрондық дереккөздерді қажетіне қарай жеткілікті түрде пайдаланған.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия ;	<p>Диссертанттың зерттеу барысындағы ғылыми қорытындыларының теориялық маңызы бар: бейіндік мектеп оқушыларының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынас дағдыларын дамыту теориялық-әдіснамалық</p>

		2) жоқ	тұрғыдан толық негізделген. Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер қазақ тілін коммуникативтік-функционалдық аспектіде оқытудың теориясына және когнитивті психология, педагогика, лингвистика ілімінің сабақтастығынан туындайтын интегративті зерттеулердің ары қарай дамуына ғылыми-теориялық жақтан қомақты үлес қосатыны сөзсіз.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия ; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу жұмысынан алынған нәтижелерді әртүрлі жанрлар мен стильдердегі мәтіндерді талдауда кеңінен қолдануға болады. Балалар танымына сай келетін мәтіндерді іріктеу, талдау, қолдану тұрғысындағы шығармашылық ізденіс нәтижелерін жалпы білім беретін мектептегі, жоғары оқу орнындағы қазақ тілін оқыту үдерістерінде қазақ тілі пәнін оқытудың сапасын арттыруға, оқытудың негізгі формасы сабақты нәтижелі ұйымдастыру үшін кеңінен қолдануға болады. Сондай-ақ ұсынылған кешенді жаттығулар мен тапсырмалар жүйесін оқу құралдары мен әдістемелік нұсқаулықтарды әзірлеуде үлгі ретінде пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар: «Қазақ тілі» пәнін оқытуда бейіндік мектеп оқушыларының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынас дағдыларын дамыту қажеттілігін көрсететін ұсыныстары мен қағидаттары <i>толығымен жаңа</i> ; Бейіндік мектептің 10-11-сынып оқушыларының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынас дағдыларын дамытуды жүзеге асыратын эксперимент және оның нәтижесі <i>толығымен жаңа</i> ; Диссертант ұсынып отырған оқушылардың креативті ойлауы арқылы тілдік қатынас дағдыларын дамытатын «Креативті тапсырмалар шоғыры» атты әдістемелік жүйесі «Ой күмбезі», «Қиялға қанат бітіру», «Әуенді өрімдер», «Ғажайып көрме» әдістері мен «Сөздің ұлттық-мәдени кодын тап», «Аукцион», «Буриме» тапсырмалары бір-бірімен сабақтастықта орындалып, олардың тиімділігі эксперимент арқылы дәлелденген және бұл әдістемесі <i>толығымен жаңа</i> болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертанттың академиялық жазу сапасы <i>жоғары</i> деңгейде. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертация құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, толық аяқталған жұмыс және ғылыми стильді толық ұстанған, құрылым жүйесі сақталған, сілтемелерді дұрыс қолдана білген. Зерттеу ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкес орындалған. Ғылыми стильде жазылған, зерттеу бағыты мен мақсаты айқын, міндеттері толық шешімін тапқан.

Қорытынды: Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай келе, философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Бөгенбаева Әйгерім Бектұрғанқызының «Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (10-11-сынып)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын ғылыми жаңалығы мол, теориялық және тәжірибелік маңызы бар, «Дәрежелер беру қағидалары» талаптарына сай орындалған, толық аяқталған жұмыс деп санап, оның авторын «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп бағалауға болады.

Ресми рецензент,
Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық
техникалық зерттеу университеті
профессоры, п.ғ.докторы



К.Жаксылыкова



